**Бәйдібек ауданы әкімінің ӨКІМІ**

Шаян ауылы № 28 «03» 02 2020 жыл

**Уақытша міндет жүктеу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» №416-V Заңының 38 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" №148 Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысының 5-тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының 18-қосымшасына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Бәйдібек аудандық білім бөлімінің басшысы А.Құлымбет 2020 жылдың 03 ақпанынан бастап тұрақты жатып ем қабылдауына байланысты бөлім басшысының міндетін уақытша атқару бөлімнің бас маманы М.Садыққа бірінші қол қою құқығы беріле отырып жүктелсін.

2. М.Садыққа Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте бөлім басшысының міндетін уақытша қатар атқарғаны үшін 50 пайыз үстемақы төлеу белгіленсін.

3. Аудан әкімінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы "Уақытша міндет жүктеу туралы" № 18 өкімінің күші жойылсын.

**Негізі:** *М.Садықтың келісімі*

**Б.Танагузов**

С.Арыстанбаев

Н.Пазилов

Б.Күмісбеков